

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 13 қыркүйек N 998

Төтенше жағдайлардың туындауын болдырмау және Ақмола облысы облыстық орталығының коммуналдық шаруашылығын қысқы жағдайда жұмыс істеуге уақытылы даярлауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола облысының әкіміне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 190000000 (жүз тоқсан) миллион теңге, оның ішінде жылумен жабдықтайтын ұйымдар үшін отын сатып алуға 150000000 (жүз елу) миллион теңге және коммуналдық меншіктегі жылу көздерінің, жылу трассалары мен су құбыры-кәріз желілерінің апаттық жай-күйіне және жөндеумен байланысты

жұмыстарды орындауға 40000000 (қырық) миллион теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.